



BUGING SANDA



ELBASY MAQALASY
EҢBEKTI SHIRATTY



JAQSYNYҢ JAQSYLYǴYN
AITY PARYZ



KUNSLY – MEGA
JOBASINYҢ JEҢIMPAZY

2 >>>

3 >>>

4 >>>

BILIK

ҰЛТТЫҚ ЖҮЙЕГЕ ОҢ БАҒА

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова «Мемлекеттің және азаматтық қоғам институттарының құқық қорғау қызметі» атты дөңгелек үстел отырысына қатысты.

Халықаралық адам құқықтары күніне және БҰҰ Бас Ассамблеясының Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының қабылданғанына 70 жыл толуына арналған іс-шараға Жоғарғы Сот төрағасы Ж.Асанов, Адам құқығы жөніндегі комиссия төрағасы Қ.Сұлтанов, Сыртқы істер министрі Қ.Әбдірахманов, БҰҰ-ның Қазақстандағы тұрақты үйлестірушісі Н.Шимомура, Еуропа Одағының Қазақстандағы өкілдігінің басшысы С.О.Карлссон, ЕҚЫҰ-ның Астанадағы Бағдарламалар Кеңесінің басшысы Д.Сабо, Ұлыбританияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі М.Гиффорд, мемлекеттік органдар, азаматтық қоғам өкілдері және басқалар қатысты.

Мемлекеттік хатшы өз құттықтауында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Құқық үстемдігі – біздің реформаларымыздың табысты болуының негізгі факторы» деген сөзіне тоқталды.

– Қазақстанда адам құқығын қорғаудың ұлттық жүйесі елдің құқықтық дамуының негізгі көрсеткіші болып саналатын берік экономикалық іргетасына негізделген және азаматтардың өмір сапасын арттыруға бағытталған, – деді Г.Әбдіқалықова.

Алқалы жиын барысында Конституция және қолданыстағы заңдар арқылы кепілдік берілген адам құқығы мен бостандығын жүзеге асыру, адам құқығын қорғаудың ұлттық тетіктерін жетілдіру мәселелері бойынша пікір алмасты.

Халықаралық құқық нормаларын имплементациялау проблемалары, Қазақстан Республикасында адам құқығын сотта және соттан тыс қорғау ісін жетілдіру мәселелері талқыланды.

Халықаралық және ұлттық сарапшылар Қазақстанның құқық қорғау тетіктері мен адам құқығын қорғаудың ұлттық жүйесіне оң баға берді.

Сонында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова адам құқығын қорғау саласында тиімді ынтымақтастық жүргізіп келе жатқаны үшін халықаралық институттарға және құқық қорғаушы үкіметтік емес ұйымдарға алғыс білдірді.

ULY DALANYҢ JETI QYRY

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ТҰМАРЫ

Елбасының әр тұжырымдамалық еңбегі ел дамуындағы маңызды бағдарламалық құжат. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жалғасы іспетті «Ұлы даланың жеті қыры» атты еңбекте әр азаматты терең мазалайтын мәселелерге арналған: халықтың рухани дамуы, келешекке талпынушылық, туған жердің рухани құндылықтары мен мәдени мұрасын сақтау, дүние жүзіне жаңа мәдени ұсыныстар тудыру. Мемлекет басшысы тарихи сананы жаңғыртудың қағидаларын талдап, қазіргі бәсекелік жаһандық әлемде XXI ғасырдың ұлтты қалай дамуы керектігін тұжырымдайды. Ұлттық мәдениеттің ең жоғары белгілеріне негізделген ел тарихы мен дәстүрлерін құрметтеу арқылы баянды келешектің қалыптасуын айтады. Сондықтан бағдарламалық мақалада ұсынылған міндеттер Елбасы жүргізіп отырған реформалардың логикалық жалғасы деп түсінеміз.

Бағдарламалық мақалада Ұлт көшбасшысы көрсеткен жеті қырымыз ұлттық бейнеміздің, немесе заманауи сөздік қорда сәнге айналған ұлттық брендтеріміздің көрсеткіштері іспеттес. Елбасы ел тарихындағы кеңістік пен уақыт шеңберінде ұлттық бейнеміздің көрсеткіштеріне жаңа қырынан қарауы мақаланың басты құндылықтарының бірі деп түсінеміз.

Ұлы дала жерінен тараған ұлы технологиялық революциялар атқаміну мәдениетімен тығыз байланысты. Бұл мәдениет киім үлгісінің қалыптасуы, ат құрал-жабдықтары ер-тұрман мен үзегінің, қару-саймандар болып табылатын садақ, қылыш, сауытты ойлап табуға ықпал етті. Бұл тұста Елбасы ұлы технологиялық революция тү-



сінігіне ерекше мән береді. Шынында, аталған технологиялық жаңалықтардың адамзаттың эволюциялық дамуындағы рөлі орасан. Сондықтан осы тың жаңалықтар халық қозғалысының жаңа түрлеріне жол ашты. Негізінен жаңа технологиялық дәстүрлер экономикалық құрылымның өркендеген тұсында қалыптасуда. Ал оның өзгерісі қоғамдық дамудың тарихи жолымен өлшенеді. Мұндай мүмкіндіктердің ата-бабаларымыз да болуы баршамызды қуантатындығы анық.

Ұлы далаладағы ежелгі металлургия да дала өркениетінің технологиялық тұрғыдан дамуының көрсеткіштерін танытады. Адамзаттың тіршілік әрекетіндегі барлық салаларды металлургия өнімдерімен қамтамасыз ету – өр-

кеніеттің алға қарай дамуының негізі. Металл кендеріне бай қазақ жеріне геологиялық факторлар да ерекше әсер етті деп ойлаймыз. Адамзат тарихындағы осы жетістік ежелгі Қазақстанның мәртебесін көрсетті. Сонымен қатар, ежелгі замандарда біздің жеріміздегі ежелгі металлургия әлеуметтік жүйелер, саяси және әлеуметтік-

мұраға өте бай. Палеолиттен бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихымызды көрсететін түрлі археологиялық мәдениет белгілерін әр өңірден табуымызға болады. Әлемдік ғылыми қауымдастық үшін «Алтын адамның» табылуы үлкен жаңалық болды. Кезінде Мәскеуде сақталған, тәуелсіздік алғаннан кейін елге оралған ескерткіштің

Таяу Шығыстың сауда нысандарын әлемнің барлық өңірлерімен байланыстырды. Байланыстар тек сауда қатынастарын дамытып қана қоймай, өркениеттер арасындағы ынтымақтастық пен ықпалдастықты күшейтті. Шығыс пен Батысты, Қытай мен Еуропаны байланыстарған бұл керуен жолы қазіргі Кеңестік Одақтың көрінісі іспетті. Демек, Еуразиялық Одақ шеңберіндегі барлық міндеттер Ұлы Жібек жолын қайта өрлетудің қадамдары деп түсінуімізге болады.

Еліміздің алма мен қызғалдақтың отаны екендігі баршамызға мақтаныш сезімін тудыру қажет деп ойлаймыз. Мемлекет басшысы айтқандай, бұл тұжырым ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Бұл туралы британдық ғалымдар көптеген зерттеулер жүргізіп, Бэрри Джуннердің кітабында да жазылған. 2017 жылы мұндай қорытындыны АҚШ пен Қытай ғалымдары Nature Communications журналында да жариялады. Сондықтан адамзаттың керемет дөмімен тамсандырып жүрген Жердегі барлық алмалардың түп тамыры Сиверс алмасы мен көптеген халықтардың жүрегін өзінің сұлулығымен жаулап алған Регель қызғалдақтары – қазақ даласының символдары.

Ұлттық бірегейлікті құрылымдау жолында өткеннің материалдық мәдениет құндылықтарының маңыздылығы жоғары. Мәдени құндылықтарымызды Елбасы ұсынған тарихи-мәдени жобаны арқылы таныту – қазіргі ұрпақтың міндеті. Сондықтан мақала отанымызды тәрбиелеу, ұлтаралық қатынастарды нығайту, мәдениет пен дәстүрлерді сақтауға бағытталған. Мемлекет басшысы қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін алдағы уақытта көптеген жұмыстар атқарылатындығына толықтай сенімдіміз.

Мұндағы тұжырымдар Шығыс пен Батыстың, түркі әлемі мен Еуропаны тоғыстыратындығын көрсетеді. Тарихтан белгілі Ұлы Жібек жолы қазіргі Қазақстан территориясынан өтіп, Орталық Азия мен

Еліміздің тарихындағы мәні зор. Оның заманауи Қазақстанның ұлттық символдарының біріне айналуы түп-тамырымыздың белгісі деп білеміз.

Біздің жеріміз түркі әлемі үшін қасиетті орын болып табылады. Мұнда қазіргі түркі халықтарының ұлы бабалары Қорқыт ата мен Қожа Ахмет Ясауи жерленген, Отырларда Әбу Насыр әл-Фараби дүниеге келді. Міне, осы тұста мақалада түркі әлемінің мол мұрасын сақтау мен дамытудағы қазақ халқының ізгі міндеттері баяндалғанын айта кетуіміз қажет. Мұндағы тұжырымдар Шығыс пен Батыстың, түркі әлемі мен Еуропаны тоғыстыратындығын көрсетеді.

Тарихтан белгілі Ұлы Жібек жолы қазіргі Қазақстан территориясынан өтіп, Орталық Азия мен

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор.

Қолы ұста адамның қойнында алтын бар

Қазір қолынан іс келетін адамға кәсіп көп. Тек ізденіп, ерінбей еңбек етсе болғаны. Ал осы ерінбейді ең төресі – ұсталық па дейміз?! Төзім мен шыдамды серік етіп, ағаштан түйін түйюдің өзі нағыз шебердің ғана қолынан келеді. Ата-бабаның дәстүрлі мұрасын жалғаушы қолөнершіге деген сұраныс та күннен-күнге артып келеді. Өйткені, қазір сыйлы қонақ күткенде байырғы ағаш тостағанмен, астау сынды табақпен ас әкелу үрдіске айналды. Төрте ілініп тұрған домбыра мен қамшы да осы шеберқолдың ұсталардың қолөнер туындысы.



«Қоғалықолда ағаш ұстасы бар» дегенде бағытталды бірден солай бұрдық. Біз барғанда Сауранбек Қойшыбайұлы Жүсіпов көршісінің шатырында жүр екен. Көрші үйінің төбесін жабуға қолғабыс етуде. Қызу жұмыс үстіндегі шебер бізге шамалы уақыттың бөлді. Сол аралықта ұсталықтың қыр-сырын сұрап алдық.

Жылдан бастап осы ұсталықпен айналысып келе жатқанды айтайын дегенім ғой, – деді шебер.

– Жақында бір кісі келіп, бесік жөндеп беруді өтінді. Қарасам, 1985 жылы өзім жасаған бесік. Көзіме оттай басылды. 33 жылдан кейін өзімнің алғашқы қолөнер туындымды көргенім бір марқайтты. Сол жылдан бастап осы ұсталықпен айналысып келе жатқанды айтайын дегенім ғой, – деді шебер.

жөнінде біраз әңгіме айтты.

С.Жүсіповтің ұсталыққа деген ынтасы бала жастан басталған. Кішкентай кезінде ағаштан экскаватор жасап, қызғышұлығы артады. Содан соң Қызылордада шеберлігін шыңдайды. Облыс орталығында шеха кешкі сағат 4-те жұмысқа келіп, таңғы сағат 6-ға дейін екі домбыра жасаған кезі бар.

Жас қолөнерші алмағайым кезінде ауылда суретші болып жұмыс жасаған. Осы уақытта оның жасаған туындыларына деген сұраныс жоғары болыпты. Ағайынның керек-жарағын жөндеп беріп те отырады. Тіпті, оның бұйымдары көрмелерге қойылатын болған. Бірде облыстық көрмеге сымқарлауық дайындады. Соның нәтижесінде Сауранбек Қойшыбайұлының еңбегі облыс жұртынан жоғары бағасын алған.

– Мына ағаш тостағанды кедр жағғанын ағашынан жасадым.

Жуық арада жаңағы Өмірбек ағайдың шатырын қағып беріп жатқандым. Содан бір метрлік ағаш келді. Қайдан алғанын білмедім. Бірден ағашқа қолқа салдым. Үйді шатырға қағатын 6 метрлік ағаш бар еді. 1 метрлік кедр ағашының орнына соны берейін дедім. Өмірбек ағай «ағашын қажет емес, мынаны ала бер» деді. Соны алып тез арада осы ыдысты жасап шықтым. Бір жақсысы теп-тегіс болып шығады, – деді тостағанды айналдыра ысқылап көрсеткен ағаш шебері. Одан бөлек, Сыр талы, қарағаш, көк терек, қайың ағаштарынан да түрлі бұйымдар жасап шығарған.

«Шебердің қолы ортақ» болғаннан кейін тапсырыс көптеп түседі екен. Ұзатылатын қыздың жасауына сандық жасап берелі. Тозғыт жеткен ағаш бұйымдарын қалыңқа келтіріп, жөндеп те қояды. Оялап тұрып бесік те жасайды. Жалпы, тұрғындардың талап-тілегіне орай қолынан келетіннің бәрін істейді. Тіпті, арнайы тапсырыс бойынша ауыл әкімшілігінің мәжіліс залына үлкен үстел де жасап беріпті.

– Мұның жүзеге асуына аудандық мәслихат депутаты, мектеп директоры Сламбек Каюпов себепші болыпты. Соның арқасында қазір мектептің қолөнерші жастары ауданға, облысқа, республикаға дейін барып, жүлделі оралып жүр.

Ердос СӘРСЕНБЕКҰЛЫ,
Сырдария ауданы.

ИНТЕРНЕТ-КОНФЕРЕНЦИЯ

2018 жылғы 12 желтоқсанда сағат 10.00-16.00 аралығында Қызылорда облысының әкімі Қ.Е. Көшербаевтың қатысуымен «Сыр өңірінің мәдени дамуы» тақырыбында интернет-конференция өтеді.

Онлайн режимде өтетін конференция барысында облыс әкіміне тақырып аясында қоятын сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды <https://dialog.egov.kz/> сілтемесі арқылы жолдауға болатындығын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды жолдау үшін электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет екендігін ескертеміз.


ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАҢ!

«Сыр медиа» ЖШС-на қарасты мерзімді басылымдарға 2019 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүргізілуде.

Келер жылы жарыққа шыққанға 90 жыл толатын аймақтың аға басылымы – «Сыр бойының» басты ұстанымы – оқырманға оқалдық. Ендіше, келер жылы да байырғы басылым мен оқырман арасындағы байланыс беки түседі деп сенеміз.

Газетке жарты жылға жазылу бағасы:
Мекемелер үшін – 4000 теңге
Жекеменшік үшін – 3000 теңге

Бір жылға жазылу бағасы:
Мекемелер үшін – 8000 теңге
Жекеменшік үшін – 6000 теңге





МИНДЕТ АЙҚЫН, ЖОСПАР АУҚЫМДЫ

Өткен жылдың қараша айында «Нұр Отан» партиясының Саяси кеңес отырысында Мемлекет басшысы, партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев ұйым жұмысын жаңғыртуды тапсырған болатын. Бұл ретте БПҰ жұмысына баса мән берілді.

Шынар БЕКБАН.

Осыған сәйкес, нұротандықтар алдымен Қарағанды, Ақтөбе, Павлодар және Шымкент қалаларында бастауыш партия ұйымдарының аймақтық форумын өткізді. Соның нәтижесінде бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жандандыру Тұжырымдамасы дайындалып, бұл құжат 14-15 қараша күндері Астана қаласында барлық аймақтардың қатысуымен өткен республикалық форумда бекітілді.

Осы орайда қызылордалық нұротандықтар бас қосып, тұжырымдамала көрсетілген міндеттерді жан-жақты талқылап, тәжірибе бөлісті. Семинар отырысына партияның аймақтық филиал өкілдері, бастауыш

партия ұйымдарының жетекшілері қатысты.

«Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев халықтық қолдауға не болған Елбасының бастамаларын насихаттауда барлық құрылымдық бөлімшелер мен белсенділер жұмылдырылып отырғанын айтты.

Бүгінде партиялық жаңғырудың нақты жоспары бойынша көптеген жұмыстар қолға алынды. Оның ішінде еліміздің әлеуметтік, экономикалық, саяси және рухани жаңғыруына жан-жақты қолдау көрсетуге бағытталған 22-ден астам партиялық жоба жүзеге асуда. Олардың қатарында жы-



лына 8-16 жас аралығындағы 150 мың баланы тегін оқытуды көздеген «Балаларға арналған тегін IT сыныптар», балалардың дұрыс

тамақтанып, салауатты болуы үшін мектеп асханаларының жұмысында ас мәзірін бастап, оның құрамы, қызмет сапасы, тазалық сияқты не-

гізгі бағыттарды қамтитын «Мектеп асханалары», «Мектептегі футбол алаңдарын қайта құру» партиялық жобалары жүзеге асуда. Ауылды

жерлерде ағылшын тілін үйрететін клубтар ашып, осы клубтарға ерікті ретінде ағылшын тілінде сөйлейтін мамандарды тартып, кезең-кезеңімен ауыл жастарына ағылшын тілін үйретуді қолға алып жатырмыз. Бұл жобалардың барлығы халықты қолдауға бағытталып отыр, – деді И.Құттықожаев.

Семинарда бастауыш партия ұйымдарының қызметін жетілдіру жұмыстары туралы «Тұран» филиалы төрағасының бірінші орынбасары Е.Назаров, ал партияның барлық қызметін цифрландыруға бағытталған «Цифрлық партия» жобасы туралы «Теміржол» филиалы төрағасының бірінші орынбасары Б.Танбаева және бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жетілдіру жолдары бойынша «Бітіммақ» бастауыш партия ұйымының төрағасы Т.Оразбек баяндама жасады.

Сондай-ақ, партияның барлық қызметін цифрландыруға бағытталған «Цифрлық партия» жобасы, партия қатарына қабылдау рәсімін жетілдіру, мүшелердің өзекті деректер базасын қалыптастыру және есепке алу, мансаптық өсуі секілді мәселелер ортаға салынып, бастауыш ұйымдардың алдында тұрған жұмыстарды пысықтады.

MÁSLIHAT TYNYSY

Б.СЫЗДЫҚ, Шиели аудандық мәслихат хатшысы:

ЕЛБАСЫ МАҚАЛАСЫ ЕҢБЕКТІ ШИРАТТЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласы елімізден асып, шет елдерде талқыланып, аса жоғары баға берілуде. Расын айтқанда, еліміздегі бұл елеулі оқиға республикамыздың шеткі аймақтарында, атап айтқанда, жергілікті ұлт өкілдері жиі шоғырланған өңірлерде қызу қолдауға ие болғандығы белгілі. Осы орайда Шиели аудандық мәслихат хатшысы Болат Сыздықпен болған сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз. Халық қалаулыларының өкілі өз әңгімесінде жергілікті мәслихат жұмысының да барысын әңгімелеп берді.



– Биылғы қаралған мәселелер жөнінде айтсаңыз...

– 2018 жылы мәслихаттың 4 кезекті, 8 кезектен тыс, барлығы 12 сессиясы өткізіліп, сессияларда 117 мәселе қаралды: 2017 жылға арналған Шиели ауданы бюджетінің атқарылуы жөніндегі есебі тыңдалды, кенттің бас жоспарына өзгерістер енгізіп, бекітілді, аудан бойынша 2017-2018 жылдарға арналған жайылмаларды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары бекітілді. Осы жылдың соңғы айында жоспардың орындалуы жөнінде аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі бастығының есебі тыңдалды.

Шиели аудандық мәслихаты «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңына сәйкес аудандағы сайлау комиссияларының мүшелерін сайлауға уақытында конкурс жариялап, сайлау жұмыстарын заң шеңберінде атқарып келеді. Жалпы, халықтың әлеуметтік-экономикалық, өзге де мәселелерге қатысты талқылаулар болып, шешім қабылданды.

– Кезектен тыс сессиялар жиі өткізілген секілді, бұл аса бір қажеттіліктен туындаған жағдай ма?

– Сауалыңызды түсіндім. Мәслихаттар құзыретіне Заңмен жүктелген мәселелердің бірі – жергілікті бюджетті және оның атқарылуы туралы есептерді бекіту. Жылдық бюджет тиісті аумақты басқарудағы және оның тиімділігін жүргізудегі негізгі құжат саналатындықтан,

сондай-ақ, жыл ішінде түрлі себептерге байланысты оны нақтылап отыру қажеттігі туындайтындықтан, бюджетті нақтылау мерзімі кезекті сессия өткізу мерзіміне сәйкес келмеген жағдайда Заңға сай кезектен тыс сессиялар өткізіледі.

2017 жылға арналған аудандық бюджет несиелерді қоса есептегенде жыл басында 13 млрд 778 млн 733 мың теңге көлемінде бекітіліп, бүгінгі таңға 5 рет өзгерістер енгізілді, нәтижесінде аудандық бюджет 14 млрд 696 млн 973 мың теңгеге жетті.

– Тұрақты комиссиялар қарауына негізінен қандай мәселелер ұсынылды?

– Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халыққа Жолдауында демократияның бір көрінісі ретінде жергілікті өкілдерді сайлау қажеттігі жайлы бастама көтергендігі барлығымызға мәлім. 2018 жылы мерзімі бітуіне байланысты 7 ауылдық округте қайта сайлау өткізілді, 5 ауыл әкімі жаңадан сайланды. Біздің шешімдеріміз халық қалауынан алыс кетпеген секілді. Депутаттар ауданымыздағы ең өзекті деген мәселелерді тұрақты комиссияларда талқылап, ауданның тыныс-тіршілігін өз көздерімен көріп, тұрғындармен кездесулер өткізіп, сессия материалдарын әзірлеуде рейдтерге шығуды үрдіске айналдырды.

Жыл басынан бері аудандық мәслихат депутаттары құзырлы органдарға 18 рет депутаттық жолданымдар жіберіп, онда кезек күттірейтін мәселелер көтеріліп, оны шешу бағытында біркәрт жұмыстар атқарылды.

– Аудандық мәслихат депутаттары әр аптаның жұма күні кестеге сай «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалында қоғамдық қабылдаулар өткізіп отырады. Мұның үлкен пайдасы бар. Жалпы соның жылдары өңірдің әлеуметтік әрі өндірістік дамуы жақсы қарқын алып келетінін айту керек. Индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы арқылы ауданда шетелдік кәсіпкерлер және өңір кәсіпкерлері арқылы инвестициялар тартылып, жобалық құны 99,2 млрд теңгенің 3 жобасы жүзеге асырылуда. Жобалар іске қосылғандан 870 жаңа жұмыс орны құрылатын болады. Индустриаландырудың

бірінші кезеңінде (2010-2014 жылдары) ауданда өңірдің кәсіпкерлігін қолдау картасы аясында жобалық құны 34,9 млрд теңгенің 1 жобасы іске асырылды («Фирма Баллаус») ЖШС-ның ванадий металын автоклавты тәсіл бойынша өндіру зауытының 1 кезеңі), өңірді индустриаландырудың екінші кезеңінде (2015-2019 жылдары) жобалық құны 64 млрд теңге болатын жобаны жүзеге асыру жоспарланды. Бұл «Корпорация DANAКЕ» ЖШС-ның жылына 1 млн тонна цемент өңдеу зауытының құрылысы. Іске қосылатын нысанында 260 тұрақты жұмыс орны ашылады.

Облыс әкімінің бастамасымен облыста «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» жарияланып, ауданда Жол картасы әзірленді. Жалпы құны 2,6 млрд теңгені құрайтын 350 жоба (250 жоба ауылдық округтер бойынша, 100 жоба кентте) нақтыланып, 800 жаңа жұмыс орнын ашу көзделіп отыр.

– Халықты жұмыспен және баспанамен қамту әрекеті назардан түскен емес. Бұл туралы қосарлығы қандай?

– Ауданда 7 мыңдай адамға тұрғын үй салуға жер беру мәселесі 10 жылдан астам уақыттан бері шешімін таппаған болатын. Осыны ескере отырып, өткен жылы аудандық бюджеттің қаржысы есебінен инженерлік-инфрақұрылым құрылысын салуға ЖСҚ әзірлеп, аудан әкімі бастаған құзырлы мекеме басшылары Астана қаласына барып тиісті министрліктерге бюджеттік өтінімдер тапсырды. Нәтижесінде биыл «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасы аясында 60 млн 666 мың теңге қаржыға қол жеткізілді.

Бүгінгі күні барлық жерде құрылыс жұмыстары аяқталып, 2 мыңның үстінде отбасы электр желісі, су, автомобиль жолдары салынып, тұрғын үй салуға арналған жер учаскелерімен қамтамасыз етілді. Биылғы жылы көлік қатынасынан қиындық көріп келе жатқан елді мекен тұрғындарының сұранысына сәйкес жол жөндеуде барлығы 174 млн 831 мың теңге қаржы бөлінді.

– Рахмет!

Әңгімелескен Нұрмахан ЕЛТАЙ. Шиели ауданы.



Қорқыт және қазына



Дүние тылсымын қобыз сарынынан іздеген баба мұрасының ЮНЕСКО тізіміне енуі – біз үшін бұл үлкен қуанышты хабар. Қазақ руханияты, бүкіл түркі әлемі үшін Қорқыт мұрасы үлкен жетістік. «Қорқыт ата» кітабы туралы зерттеулер де жетерлік. Тіпті, қазір керек десеніз, Қорқытқа, оның мұраларына түркі тілдес халықтар арасында әлі күнге дейін талас бар. Біздің мақтан тұтатынымыз – мұраларын әлем мойындайтын Қорқыт баба Сыр өңірінде орын тебуі. ЮНЕСКО-ның бұл бастамасын Қорқыт ата мұраларының зерттеуінің әлемдік деңгейге көтеріліп деп ұғуымыз қажет.

Енді Қорқыт мұраларын сақтау талабы күшейеді. Бір сөзбен айтқанда, қазақ елінің әлемдік өркеніет пен мәдениет қатарына қосқан рухани мұраларының бірі – Қорқыт және оның қазынасы. Елбасы айтқандай, Алаштың анасы атандырған Сыр бойының түркі әлемінің рухани орталықтарының біріне айналатын күні алыс емес.

Берекет КӘРІБАЕВ, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің профессоры.

Тарихымыздың маңыздылығын арттырады



ЮНЕСКО-ның Қорқыт ата эпосын материалдық емес мәдени мұра объектісі деп танығаны заңды мүселе. Осылай болуы керек.

Қорқыт ата – түркі халықтарының ортақ мұрасы мен байлығы. Ол қазақстандықтар мен әзірбайжандықтарға, қырғыздарға, өзбектерге де қатысты. Сондай-ақ, оның адамзаттың әлемдік мәдени мұрасы ретінде тануы біздің тарихымызға қатысты дұрыс шешім болып отыр.

Қорқыттың аңыздары біздің «Мәңгілік ел» ұлттық идеясымен үйлеседі. Ол өлімді болдырмайтын мәңгілік өмірді іздейді. Менің ойымша, олармен тікелей байланыс біздің ұлттық идеямыздың дұрыстығын растайды.

«Қорқыт ата» эпосын ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұрасы деп таңу біздің мәдениетіміз бен тарихымыздың маңыздылығын арттырады.

Хангелді ӘБЖАНОВ, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

BRIFING

КӘСІПКЕ ҚОЛДАУ БАР, КЕДЕРГІ ЖОҚ

Кәсіпкерлікті қолдау жылында өңірде саланы дамытуда біраз бастама қолға алынды. Бұл туралы өңірлік коммуникация қызметінің баспасөз орталығында БАҚ өкілдеріне брифинг берген облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы басшысының орынбасары Азамат Досжанов баян етті.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Бір қуантарлығы, аймағамызда кәсіппен айналысатындар санының көбейгендігі. Биылғы жылдың 1 қарашасына дейінгі статистикалық мәліметтер бойынша облыста 51956 шағын және орта бизнес субъектісі тіркелсе, кәсіпін дөңгелеткендердің үлесі – 80,9 процент. Сонымен қатар, 2017 жылы шағын және орта бизнес саласында 325,8 млрд теңгенің өнімі өндірілген болса, 2018 жылдың жарты жылғындағы көрсеткіш – 143,3 млрд теңге.

палатасының алаңында 50 аукцион өткізіліп, 593 шағын және орта бизнес субъектісіне жер телімдері берілген. Ал инженерлік желілерге қосылуға «Бір терезе» қағидаты бойынша кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы 1300-ден аса техникалық шарт берген. Кәсіпкерлікті қолдау мақсатында аймағамызда кәсіпкерлер үшін қайтарымсыз қаржы көлемі екі есеге өсіпті. Атап айтқалық, облыста 224 кәсіпкерлік субъектісіне 200 млн теңге көлемінде қайтарымсыз қаржы ұсыныла, ауылдық елді мекендер мен қалалық жерде 4,2 млрд теңге көлемінде 1298 кәсіпкерге шағын несие берілген. Осындай қолдау нәтижесінде аймақ кәсіпкерлері 1600-ге жуық жаңа жұмыс орнын құрды.

Сондай-ақ, жыл басынан

екінші деңгейлі банктер арқылы 141 жобаға 9,5 млрд теңгені құрайтын несие беріліп, барлығына «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында жылдық проценттік мөлшерлемесін субсидиялау бойынша қолдау көрсетілуде. Ал ішінара кепілдендіру бойынша жалпы құны 1,1 млрд теңгені құрайтын 63 жоба кепілдендірілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,5 есеге артық.

Елбасы Жолдауында атап айтылған «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын 2025 жылға дейін ұзарту және жыл сайын қосымша кезінде 30 млрд теңге қаржы бөлу мәселесі бойынша аймақтан 2019 жылы бағдарлама аясында субсидиялар мен кепілдіктер беру үшін республикалық бюджеттен 849,5 млн теңге қаржы

қарастыруға бюджеттік өтінім ұсынылған.

– Алдағы жыл сонымен қатар «Жастар жылы» ретінде аталып өтпек. Жастардың өңірімізде кәсіпкерлікті дамытуға және мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға үлесі де, мүмкіндігі де зор. Биылғы жылдың өзінде жастар үшін арнайы «Байқоңыр Start-up 2» бизнес идеялар байқауы, «Жас кәсіпкерлер» форумы ұйымдастырылды, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Бүгінде кәсіпкерліктің қарқынды дамуы жағынан қай ауданда да жүйелі жұмыс жасалып жатқаны көңіл қуантады. Тіпті, аймағамызда ауылдық елді мекендердің 95 проценті кәсіпкерлікті дамытуға арналған шағын несие алған.

Еліміздің жоғары оқу орындары арасында өзіне лайықты орнын иеленген, сексенжылдық тарихы бар Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті өңірміздегі білім мен ғылымның қарашанырағы екені баршамызға аян. Сонымен қатар, осы іргелі ұжымның мәдениет пен өркениет мәселелерін дамытудағы істері өз алдына ерекше. Өңірміздің қайсыбір мәселелерінде ұжым мүшелерінің салмақты көзқарасы мен түйінді пікірі ескеріліп, ел игілігіне пайдаланып жатқанын көріп байқап жүрміз.

Мұның барлығы осы ұжымдағылардың өз міндеттерін жоғары жауапкершілікпен жұмыла көтеруінің негізінде болып жатқаны да белгілі. Әрбір оқытушы мен қызметкердің өңір жастарын тәрбиелеудегі еңбектері айтарлықтай. Дегенмен, ордалы мектептің бүгінгідей өрлеуінде өзгені сонына ертіп жүрген бірегей азаматтардың жөні бөлек дер едік. Осындай болымды азаматтар арасында Кеншібай Темірболат Ыбырайұлы да бар.

Бұл азамат 1972 жылдан бастап бүгінге дейін осы іргелі оқу орнында оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, әлем тілдері факультетінің деканы, халықаралық қатынастар жөніндегі департамент директоры, халықаралық байланыстар бөлімінің бастығы қызметтерін ойдағыдай атқарып келеді. Ұлы Абайдан: «Ақырын жүріп, анық бас. Еңбегің кетпес далаға» деген бұл сөзін Темірболат ініміз өмірлік ұстаным еткен сияқты. Ол әрдайым асықпайды, аптықпайды, өзінің ісі мен міндетін жоғары сапамен, биік іскерлікпен атқарады. Бірақ, сол асықпаумен де ол көп істі оңарады, кейбір шырдақтар, пысық, сырт көзге өзін көрсетуге ынталы әріптестеріне қарағанда салмақты нәтижеге жетеді.

«Жақсы алам жақсымын деп айта алмайды» дейді. Неге олай болды екен? Өйткені, ол ақылды, өнегелі, сабырлы, салықалы, шырдамды, ұятты, білімді және сыпайы. Ендеше, осы мінездің барлығы Темірболат ініміздің бойында бар. Ол әрқашан іс үстінде, оның жайбаракат шалқайып

түзеп үгітші бол, жан-жаққа жарық бермейді шам да ашылмай. Ерлерім, өзгені қой, өзінді оңда, оңдасаң халық қоймайды сені сонда», – деген аталы сөзі жадымызға оралады. Темірболат ақынның осы сөздерін өз өмірімен, бүкіл ісімен растап, дәлелдеп келеді. Ол еліміздің «Ерен

көңейтуге, шетелдік университеттермен әріптестік байланыс негізінде халықаралық білім беру бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыруға ат салысып, халықаралық ынтымақтастық жөніндегі 80-нен



аса келісім мен меморандум жасау жұмыстарын ойдағыдай атқарыпты. Осы азаматпен танысып, араласқаным көп уақыт болыпты. Ініміздің өсіп-өркендеуі көзіміздің алдында өтіп жатыр десе болатындай. Айтарлықтай мол табысқа жетіп, ұжымның оң ықпалына бөленгеніне куәміз, ризамыз, қызығамыз, мақтанамыз, қуаттаймыз. Мен өз басым Темірболат інімінің туған жылын жалпы білімім, өйткені, көп уақыттан бері қатарлас, қанаттас келе жатырмыз. Бірақ, соған қарамастан, осы кезге дейін ол менен үш жас емес, мүшел жас кішідей болып көрініп келді. Бұл ой маған сонда қайдан келіп, қайдан пайда болды деп сұраса, оған былайша жауап қайырамын. Оған себеп ініміздің елге келуі, ісіне деген зор жауапкершілігі, қатары мен үлкенге деген биік ізеттілігі. Әйтпесе, мен өзімен екі-үш жас үлкен ағаларымды, кейде өзлімен түрткілеп жататыным бар. Осының бекер болғанын енді түсініп жатырмын ғой.

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТУ ПАРЫЗ

отырғанын осы уақытқа дейін көрмеппіз. Бірде Қытайда, бірде Мәскеуде, бірде Германияда, бірде Кореяда, бірде Түркияда жүреді. Содан кейін «шаршап келді ғой, енді шамалы демалып, саябырсытып шығар» деген үмітпен ініміздің әрлі-бері адам легі тоқтамайтын, есігі жабылмайтын кабинетіне кірсен, жанынан кенес сұраған, көмек күткен жас ғалымдар мен қызметкерлер тобын көресің. Одан кейін біршама уақыт салып кабинетіне жөне бас сұқсаң, телефонмен шетел азаматтарымен сұхбаттасып жатқанының үстінен түсесің. Ендеше, бұл соқталы ініміздің «жақсымын» деп айтып жатар уақыты да жоқ екен.

Темірболат кімге де болса қолынан келген жәрдемі мен кеңесін аямайды. Ешкімді сыртынан жамандап, жалған сөз айтпайды. Қасында тұрып өзгені жорта жамандап бастасаң, оған қосылмайды, қоспатайды, мұны қаламайды. Ал, кемшілік аяқтан шалып, бой бермей жатса, қоймай мазалап тұрса, кімнің де болса олықлығын оның өзіне, көзіне айтады. Осы орайда Тұрмағамбет ақынның: «Әрқашан алаңдасуға тәрдеп орын, түзеп алаң, татаусыз қып мінездің. Көркікті көп көзіне көрінбейсің, кеуліңнен кетіп тозаң, шаң басылмай. Өзінді өзін

енбегі үшін» медалінің иегері, «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі» белгісімен, ҚР Президентінің алғыс хатымен және Құрмет грамотасымен және «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Алғыс хатымен марапатталған. Осыған әріптестерінің, маңайындағылардың, ағайын-туыстарының, білім алушылардың, басшылықтың оң ілтипаты мен мол ыстық ықпалынан қосынды.

Біз кейде бірімізге біріміз, шамалы да болса мақтаныш сезімге ұрынып дәрежемізді көтергіміз келіп жатса, «Кай шетелде болып едің?» деген сұрақ қойып жатамыз. Дәл осындай сұрақты Темірболатқа бағыттар болсақ: «Сіз қай елде әлі болған жоқсыз?» деп айту керек шығар. Оның осы сұраққа бірден жауап бере алмасы анық. Себебі, бұл азаматтың төрт құрылықта бармаған, аяғы тимеген мемлекет аз. Ендеше, бұл – терең білімнің, биік талғамның белгісі, бұл – осы азаматтың ұжым мен елге мол қажеттілігінің дәлелі.

Бүгінгі күні біздің іргелі оқу орнымыздың қаншама көп шетелдік білім, ғылым және мәдениет орындарымен байланыста екенін баршамыз жақсы білеміз. Кеншібай Темірболат Ыбырайұлы университеттің халықаралық байланыстарын

Жарнама

Тел: 70-00-49, 70-00-52

e-mail: smjarnama@mail.ru

АЛАЯҚТАН АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

№	Сотталғандардың аты-жөні	Тағайындалған жаза
37	Калменова Шынар Түринбековна 08.04.1976 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 (бір) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.
38	Мекебаева Мирамкул Жексенбаевна 09.03.1976 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 (бір) жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.
39	Мырзалиева Гулнур Куандыковна 17.11.1985 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 (бір) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.
40	Танатова Гульнар Орынбасаровна 20.06.1976 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 6 (алты) айға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.
41	Мырзамұратова Гауһар Қалданқызы 30.09.1987 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 (бір) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.
42	Тельхозиев Гани Алиасанович 18.03.1990 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 (бір) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

43	Сейтбек Назерке Бейбітқызы 09.10.1992 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 2-бөлігінің 2) тармағымен кінәлі деп танылып, 2 (екі) жыл 6 (алты) айға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.
44	Рысмағанбетова Күралай Рысмағанбетовна 27.02.1979 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 (бір) жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.
45	Турсанова Инімкуль Маханбеталиевна 04.03.1977 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 3-бөлігінің 1) тармағымен кінәлі деп танылып, 3 (үш) жыл бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.
46	Жетпісбаева Ақгүл Жетпісбаевна 12.04.1974 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 (бір) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.
47	Абласанова Асел Зиятдиновна 19.01.1989 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 2-бөлігінің 2) тармағымен кінәлі деп танылып, 2 (екі) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.
48	Қараев Дәурен Үсенбайұлы 08.12.1993 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 2-бөлігінің 2) тармағымен кінәлі деп танылып, 2 (екі) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

49	Отызбаева Гулбаршын Иманғалиевна 01.01.1980 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 3-бөлігінің 1-тармағымен кінәлі деп танылып, 2 жыл 3 ай бас бостандығынан айыруға жазаланған.
50	Иманалиева Индира Тасболатовна 13.04.1988 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 2-бөлігінің 2) тармағымен кінәлі деп танылып, 2 (екі) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.
51	Маржан Смағұлқызы Қозыбай 20.08.1993 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 3-бөлігінің 1-тармағымен кінәлі деп танылып, 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.
52	Ердесбекова Меруерт Асилхановна, 24.04.1985 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 (бір) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.
53	Жасанбаев Мұқағали Қауынайұлы 07.09.1991 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 (бір) жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.
54	Мамутов Сайлау Сарсенбаевич 19.06.1982 ж.т.	ҚК-тің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 (бір) жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

Хабарландыру

«Қазгермунай» БК» ЖШС ҚР Экологиялық ғылым таралатынына сәйкес «Ақша-бұл қарн орнындағы №465 пайдалану көлбеу ұңғымасы құрылысының жеке техникалық жобасына» арналған «Қоршаған ортаның әсерін бақылау» жобасы мемлекеттік экологиялық сараптамадан өту мақсатында ҚР Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаментіне жолданады.

«Қазгермунай» БК» ЖШС (Жобалаушы – «ҚазМұнайГаз» ОБТ ҒЗИ) ЖШС Атырау қ. «Каспий-мұнайгаз» филиалы).

МИКРОҚАРЖЫ ЖӘНЕ МИКРОКРЕДИТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

«Валюталық реттеу және валюталық бақылау, қаржы ұйымдарының қызметіне түзекел-бағдарлық қадағалау, қаржы қызметтері тұтынушыларының құқықтарын қорғау және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2-шілдедегі №168-VI Заңымен «Микроқаржы ұйымдары туралы» Заңына енгізілген жөндеулерге сәйкес, микроқаржы ұйымы ретінде есептік тіркеуден өтпеген, сондай-ақ, МҚҰ туралы Заңның 31-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік қайта тіркеуден өтпеген микроқаржы ұйымдары МҚҰ туралы Заңның 15-бабының 2-тармағының бірінші және екінші бөлімдерімен және 16-бабының 5-тармағымен көзделген талаптарды орындамаған жағдайда Ұлттық Банк микроқаржы ұйымын мәжбүрлі түрде қайта құру

не жою туралы сотқа талап береді. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қызылорда филиалы ерікті түрде қайта құру не жою туралы сотқа талап беру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру қажеттілігі туралы хабарлайды:

- әділет органдарында тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде микроқаржы ұйымы ретінде есептік тіркеуден өтпеген микроқаржы ұйымдары;
- МҚҰ туралы Заңның 31-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік қайта тіркеуден өтпеген микроқаржы ұйымдары.

МҚҰ есептік тіркеу мәселелері бойынша қызығушылық танытқан тұлғалар Қызылорда қаласы, Б.Асқар көшесі, 30 үй мекен-жайы және телефоны 55-15-25, ішкі нөмір 3127, 3164, 3158 бойынша ҚР Ұлттық Банкі Қызылорда филиалына хабарласа алады.

ХАБАРЛАМА

«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (17-52) «Қызылқия кенішіне ПТЖК-ға SOLAR компрессорын орнату» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мемлекеттік бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі берілді.

Анықтамалық телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ (18-44) «Қызылқия ПТЖК-дан Күмкөл ПТЖК дейін 10» газқубыры» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекен-жайында және zhomart.muqazbekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтамалық телефоны: (7242) 29-91-92.

ПЕЙШТЕ НҰРЫҢ ШАЛҚЫСЫН



Өмір деген осы. Әулетіміздің абыз ақсақалы, бауыр еті – балаларының ардақты әжесі Сражадин Балмағамбетов 82 жасқа қараған шағында мәңгілік мекеніне аттанды.

Сражадин Балмағамбетов 1937 жылдың ақпан айында Арал ауданына қарасты Ауан елді мекенінде дүниесі есігін ашқан. 1956 жылы Ауан орта мектебін тәмамдап, 1961 жылы Қызылорда педагогика институтының физика-математика факультетін қызыл дипломмен бітіріп, еңбек жолын кезіндегі Терезекте (бүгінгі Сырдария) ауданындағы Абай атындағы қазақ орта мектебінде қатардағы ұстаздықтан бастаған.

Сыр өңірінің өркен жаюына оңдестіретін үлес қосқан ардақты әжесі өнегелі өмірдің үлгісін көрсете жүріп, сан алуан басшылық қызметтерді абыройлы атқарды. Қарама айтар болсақ, 1963-1967 жылдары Терезектегі №36 Жданов атындағы (қазіргі Ә.Тәжібаев) орта мектеп директорының орынбасары, 1967-1971 жылдары Терезек аудандық кеңесі атқару комитетінің ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің меңгерушісі, 1971-1975 жылдары аудандық партия комитеті саяси-ағарту кабинетінің меңгерушісі, 1975-1985 жылдары Терезек ауданына қарасты «Қазак ССР-нің 50 жылдығы» (бүгінгі Н.Литвас) атындағы совет партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарған.

Ал, сол кезіндегі жоғары жақтың «мамандығы бойынша жұмысқа орналастырылсын» деген нұсқауымен 1985-1989 жылдары №131 орта мектеп директоры қызметін, 1989-1999 жылдары Терезек кентіндегі №10 кәсіптік-техникалық училищесі директоры қызметін атқарды.

Зейнет жасына келсе де, қол қусырып отыруды қаламай, яғни 1999-2001 жылдары Алматы заң колледжінің Қызылорда филиалында жоғары математика пәнінен дәріс берсе, 2001-2009 жылдары Қызылорда гуманитарлық заң колледжінің математика және математика әдістемесі пәнінен ұстаздық қызмет атқарған.

Сражадин Балмағамбетов 1967-1999 жылдар аралығында аудандық Кеңес депутаты болса, 1975-1999 жылдар аралығында аудандық партия комитетінің мүшесі болған.

Туәлесіз Қазақстанның даму жолындағы ересен еңбектері мемлекет тарапынан лайықты бағаланып, «Құрмет белгісі» орденімен және «Айбын еңбегі үшін», тағы да басқа ондаған мерекелік медальдармен марапатталған. Сырдария ауданының құрметті азаматы атанып иеленген.

Ардақты әжесі күзді қосқан қосақарымен қоса ағарып, бір ша-нырақ астында мағналыз ұрмыр кешіп, дүниеге 6 бала әкеліп, ұлдарын уаға, қыздарын қияға қондырды.

Әкеміз қандай қызметке жүрсе де, өзіне тән мейірімді мінезі, салмақтылығы, тұщымды пікірімен көке танылып, аулетінің гана емес, Сыр елінің мейірі үшін адал қызмет етумен өмірден озып.

Бақұл болыңыз, ардақты әже, жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын! Пейште нұрыңыз шалқысын!

Балмағамбетовтер әулеті.

2019 жылдың I тоқсанына арналған Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы төрағасының және комиссия мүшелерінің жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың аты-жөні	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың лауазымы	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны
Құдымбетова Сауле Ибрагимқызы	Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы	Сәрсенбі, сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, Облыстық мекемелер үйі, каб №136 а	60-54-66
Сатлабаев Миррамбек Ахметұлы	Комиссия мүшесі	Дүйсенбі, сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, каб №136 б	60-54-62
Ильясов Талғат Ибрагимұлы	Комиссия мүшесі	Сейсенбі, сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, каб №132	60-54-64
Садүқақасова Айгүл Аманжановна	Комиссия мүшесі	Бейсенбі, сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, каб №134	60-54-65
Мусабеков Роман Темірбекович	Комиссия мүшесі	Жума, сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, каб №133	60-54-63

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметі және сыйбалау жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңнамаларының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексі талаптарының бұзылуына

жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) 60-54-70 «Сенім телефоны» жұмыс істейтін хабарлайды.

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының ұжымы талдау, жоспарлау және есептілік бөлімінің жетекші маманы-мемлекеттік аудитордың ассистенті Рая Жетпісбайқызы Көрпелдесова-апасы

Гүлбаршын Жетпісбайқызының қайтас болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ОНЕР

КҮНСҰЛУ – МЕГАЖОБА ЖЕҢІМПАЗЫ



Көрермен көзайымына айналған «Мен – қазақрун» мегажобасының жеңімпаздары анықталды. Елорда төрінде өткен шарада мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков және «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасы Ерлан Қарин жоба жеңімпаздарын терме, құй, ән жанрлары бойынша марапаттады.

Шынар БЕКБАН

Жоба мақсаты еліміздің түкпір-түкпіріндегі дәстүрлі әнші-термені, күйшілердің басын бір арнада тоғыстырып, еліміздің әр аймағында қалыптасқан өнер мектептерінің таңдаулы туындыларын дәріптеу, атадан – балаға мұра болып келе жатқан төл өнеріміз күй, жыр-термені дамытып, өскелең ұрпаққа насихаттау болды.

Сыр бойындағы ұзандардың ізін жалғасын жатқызып жерлесіміз Күнсұлу Түрікпен осы жобаның жеңімпазы атанды.

«Мен – қазақрун» – халықаралық деңгейдегі ұлттық өнерімізді насихаттайтын маңдай жарық жалғыз жоба деп білуіміз керек. Дәл қазіргі ұлттық өнеріміздің насихаты кемшін болып тұрған тұста мұндай жобалардың маңызы зор. «Қазақстан» телерадиокорпорациясының және оның басшысы Ерлан Қариннің тікелей мұрындық болуымен ұйымдастырылған жоба қазақтың ұлттық өнерін өрге сүйреу бағытындағы ең ұтымды шара деп ойлаймын. Сондықтан бүгінде ұлттық өнеріміздің, классикалық терме-жырдың қазак халқымен қайтадан қауышып, жаңаша форматта насихатталып жатуының өзі бұл қазақ мәдениетінің жеңісі деуге болады. Осы орайда «Мен – қазақрун» мегажобасын ұйымдастырушыларға көп рахмет айтқым келеді, – дейді Күнсұлу.

Жобаға қатысуға ниет білдіргендер көп болыпты. Еліміздің барлық өңірінен талапкерлер жылыған шараға шетелдегі қандастар да қызығушылық танытқан.

– Жобаның үлкен жаңалығы да осы тұста білінді. Мегажобаға тек облыс орталықтарынан ғана емес, сонымен бірге аудан, ауыл, шалғай елді мекендердегі ұлттық өнердің жана-шырлары қатысты. Сондай-ақ, алыс-жақын шетелдердегі қандас бауырлардың, олардың арасында көршілес Ресей елінің Астрахань қаласы және Монғолия мемлекетіндегі өнерпаздардың атсалысқаны зор қуаныш сыйлады. Бұл, әрине, жобаның үлкен жетістігі деп білемін, – дейді жыршы.

Биыл «Мен – қазақрун» мегажобасына қатысуға 3 мыңнан астам үміткер тілек білдірген. Төрт кезеңнен тұратын жоба төрт айға жалғасты. Осы уақыт аралығында барлық қатысушылардың деңгейі, дайындықтары сарапқа салынды. Жобаның алғашқы кезеңінде әр қатысушы өз өңіріндегі мектептері бойынша шығарма орындады. Екінші кезеңде қазылар алқасының тапсырмасына сәйкес, Қазақстан аумағындағы барлық мектептердің шығармасын орындау міндеттелді. Яғни, әр қатысушыға он шығармадан беріліп, жеребе тасталды. Үшінші кезең, яғни жартылай финал кезінде әр өнерпаз тың шығармаларды орындады.

– Ақтық кезеңде 9 өнерпаз бақ сынастық. Айта кететін жайт, әр жанр бойынша 3 өнерпаздан өнер көрсетті. Қазылар алқасының шешімі бойынша әр жанрдан тек бір ғана өнерпаз үздік танылуы шарт. Мұндай мегажобала «Сыр елі – жыр елінен» келгеннен сон, бас бәйге бізде болуы керек деп түййді. Алға қойған мақсат орындалды, – дейді Күнсұлу.

Ілкі дәстүрлі жалғастырушы жеңімпаздардың әрқайсысына 1 млн теңгеден сыйақы берілді. Қазақ өнерінің биікке шығаруды медегеткен ұлттық жоба келер жылы да жалғасын таппақ.

GAZET POSHTASYNAN

Азаматтың жасаған ісіне қарап, бағалайтын, жақсы бастамасына «бәрекеді» деп, дем беріп отыратын әдетіміз бар. Білікті басшы «Абай-Дәулет» ЖШС директоры Мұрат Абайұлы мен «Бесарық» ЖШС директоры Дәулет Абайұлы өздерінің іскерліктерінің арқасында табанды еңбек етіп, ауыл тұрғындарының сенімін шыға білді. Сөйтіп, саналы өнім алуға қол жеткізді.

АУЫЛ АЗАМАТЫМЕН АЖАРЛЫ

Мемлекетіміздің «Жұмыспен қамту-2020» жол картасы аясында, көктемгі, күзгі науқан кезінде ауыл азаматтарын жұмысқа тартып, олардың жалпы санын 150 адамға дейін арттырып, жұмыссыздарға жұмыс тауып берді. Олардың еңбекақыларын ай сайын беріп, ауылдық жерлерде рухани жаңғырудың жаңа үлгілерін көрсетуде.

– Серіктестік бойынша биыл 486 гектар егін егіліп, оның әр гектарынан 67 центнерден өнім алдық. Қырманға – 32 562 центнер астық түсті. Жоңышқа күтіп бапталып, 242 000 бау жоңышқа алынды. Мал шаруашылығында 500 бас аналық қойдың әр жүзінен 120-дан төл алынған, ауыл жұртшылығына арзандатылған бағамен сатылды, – дейді «Абай-Дәулет» ЖШС директоры Мұрат Сәрсенбаев.

Сонымен қатар, жыл бойы іс-шараларды қаржылай қолдау, мектеп оқушыларына жазғы тынығу лагеріне 150 000 теңге бөлу, 2,5 млн теңгеге спорт құралдарын алу арқылы тұрғындарға бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің маңыздылығын сезіндіретін түсті.

Ауыл еңбекшілеріне әлеуметтік көмек ретінде 2000 бау жоңышқа, 350 тонна қауын тегін таратылды. Мәдениет үйіне 850 000 теңгеге жаңа үлгідегі керекті аспаптар сатылып алынды. Ауыл орталығындағы өлкетанушы, мәдениет үйінің әдіскері Жұмабай Әубәкірдің

жетекшілігімен ұйымдастырылған орталық музей әртүрлі экспонаттармен толықтырылып, тарих тағылымы дәріптелуде.

Сырдария ауданындағы «Бесарық» серіктестігінің өткен жылдан бастап «Абай-Дәулет» ЖШС қамқорлығына алып, тұрғындар үшін біраз игілікті шаралар атқарылды. Ауыл еңбекшілерінің жеткен жетістіктері бұнымен шектелмек емес. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасына ауылдағы ағайынның қосар үлесі әлі де ұшан-теңіз.

Кенжәлі ҚОЖАҒҰЛ,
ҚР ІІМ Құрметті ардагері,
Қызылорда қаласы.

ЖЕРЛЕС ҒАЛЫМ ЖЕТІСТІГІ

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, жүргеновтанушы-ғалым Бауыржан Иманғалиев Педагогика ғылымдары Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. Ғалымға Академия дипломын ҚР Педагогика ғылымдары Академиясының президенті, профессор А.Құсайынов Астанада салтанатты түрде табыс етті.



Бауыржан Сәбитұлы Иманғалиев 1970 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің филология факультетін үздік аяқтап, осы оқу орнында оқытушы болды.

Бауыржан Сәбитұлының ғылыми-зерттеу жұмысының өзегі – Алаш ұранды әдебиет, қазақтың біртуар ұлы, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің әдеби-шығармашылық мұрасы. Ол ұлт қайраткерінің еңбектерін

топтастырып, оны ғылыми айналымға түсірген алғашқы жүргеновтанушы-ғалым. «Темірбек Жүргеновтің әдеби-публицистикалық мұрасы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған ғалымның Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан республикалары мен Қызылорда, Алматы қалаларындағы серекқолжазбалар мұрағаттарындағы деректерді зерттеуінің нәтижесінде Темірбек Қараұлының еңбектері білім бағдарламаларына қосылды. Оның қайраткер туралы 4

кітабы жарыққа шықты, түрлі тақырыптарға жазған 100-ден аса ғылыми-публицистикалық

мақалалары баспасөз беттерінде жарияланды.

2000-2007 жылдар аралығында Алматы қаласы әкімі аппаратында жауапты қызметтер атқарған жерлесіміз кейінгі жылдары ағарту саласында еңбек етіп келеді. Қазак Ұлттық Аграрлық университетінде департамент директоры, проректор, С. Сейфуллин атындағы Қазак агротехникалық университетінде баспасөз орталығының директоры, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бас сарапшысы болды. Қазір Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі жетекші ғалымдардың бірі.

Жерлесіміз Бауыржан Иманғалиевтің отандық білім, ғылымды дамыту жолындағы жетістігі жалғаса беруді деп сенеміз.

«СБ» ақпарат.

КҮРКЕТАУЫҚ ӨСІРІП, КӘСІПКЕР АТАНДЫ

Бүгінде жастарға кәсіппен айналысуға мүмкіндік көп. Соның бірі – «Zhas Project» жобасы. Онда идеяға аса мән беріледі. Алдымен жоспарын құрып, қорғайды. Бастысы – топ болып еңбек етеді. Жобаның арқасында қаншама жас кәсіпкерлікке бет бұрды. Осы орайда Жанакорған ауданы жобаны дамыту бойынша алдыңғы қатарда тұр.

Сара АДЫБӘБЕВА.

Ауданда бизнес саласына қызығушылық танытқандар 110-нан аса жоба ұсынған. Оның 68-і жеңімпаз атанды. Жастардың жұмыстарына 68 млн теңге бөлінді, бұл бойы 40-60 мың теңге жәрдемақыға ие болды. Осындай жобаны тиімді пайдаланғандардың бірі –

Жадыра Оспанова.

Ол Ақүйік ауылының тұрғыны. Осы бастаманы естігенде бірден арнайы мандарға хабарласып, толық ақпарат алыпты. Бағдарламаның тиімділігін білгеннен кейін көптен бері ойлап жүрген жоспарын іске асыруға кіріседі. Қасына өзі секілді жастарды жинады. Жоба қаржысына күркетауық сатып алды. Ісі ала басып, құс санын арттырды. Қазір құс өсіруші қыздың 80-ге жуық



күркетауығы бар.

– Негізгі кәсіп бастау ойымда болған. Тек қаражат жағы қол байлады. Жоба жайлы естігенде осы мүмкіндікті пайдаланып қалуға бел шештім.

Құс өсіру де оңай шаруа емес. Себебі, күркетауық жайылып қоректенеді.

Күнделікті ауыл сыртына жайып келемін. Жем-шөпті көп жейді. Басты жемі – бидай. Оған қоса қора-жайып да саны көбейген сайын кеңейтіп отырымын. Қазір күркетауықтың етіне сұраныс жоғары. Сондықтан

алдағы уақытта бұл кәсіпті одан әрі дамыту ойда бар, – дейді ол.

Кейінкердің айтуынша, күркетауық еті жеңіл әрі емдік қасиетке ие. Мәселен, қант диабетіне шалдыққан жандарға мандардан осы құс етін пайдалануға кеңес береді екен. Күтімі ерекше күркетауық көктем мезгілінде ғана жұмыртқалап, балапан басады. Күтімі жақсы болса 10-15 келі ет беріп, пайдаға кенелтеді.

Топта тағы 3 жас бар. Олар Жадыраға қолғабыс етеді. Жоба шарты бойынша ауылдағы көпбалалы, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына құс етін тегін береді. Тіпті, құс өсіруге қызығушылық танытқан жастар Жадырадан оның басып үйреніп жүр. Еңбеккер қыз енді кәсіп саласын игеріп кету үшін «Бастау-Бизнес», «Бизнес-Кенешші» бағдарламаларына қатысып, білімін жетілдірмек.

Байназар Өтепұлы 1903 жылы қаңтар айында Қызылорда облысы, Қазалы ауданына қарасты «Сары төбе» атанған Аранды қырдың биігінде дүниеге келген. Әкесі Егізек баласы Өтеп диқаншылықты кәсіп етіп, еліне қадірлі адам болған. Өтептің балалары: Әлем, Әлнзар, Ерназар, Байназар болып таралады. Байназар ауыл молдаларынан сауатын ашып, 1918 жылы он бес жасында Қазалы қаласындағы татар медресесінде бір жарым жыл оқып, әр түрлі пәндерден білім алған. 1920 жылы Қазалыдағы қазіргі орыс мектебі жанынан мұғалімдер даярлайтын біржылдық курс ашылып, сонда оқиды.

1920 жылы бүкіл Шығыс жастарының көсемі, әрі жетім балалардың қамқоршысы болған жерлес ағасы Гани Мұратбаев Қазалыға келеді. Гани мен Байназар сол кезде танысқан. Бұл кездесу ақын өміріне үлкен өзгеріс әкелген еді. 1920 жылы мұғалімді құрты бітіріп, Қазалы ауданының «Майдақол», «Алға», «Жалпақ» мектептерінде ұстаздық еткен. 1925-1929 жылдар аралығында «Ақтөбе-Костан» болысының жауапты хатшысы, 1929-1932 жылдары «Қаракөл» (Құлбай балық колхозы) серіктестігі, Аралдағы «Мардыма» балық кооперациясының төрағасы, 1933-1934 жылдары «Қожабақы» бастауыш мектебінің меңгерушісі және Сырдарияның мектептерінде оқу бөлімінің инспекторы болып қызмет жасайды.

Қазіргі Қазалы ауданы, Қожабақы ауылындағы №25 казак орта мектебінің негізін қалаған алғашқы мектеп меңгерушісі әрі мұғалімі Байназар Өтепұлы болатын.

Ақынның өлең отауына еңуі 1925-1926 жылдардан басталды. Сол кездегі облыстық газетке өлеңдері шыға бастады. Қазалы аудандық «Болезневник» колхоз үшін газетінде «Егіске», 1936 жылы «Садық пен Мәкен», «Еңбектің ері Нұрмахан», «Ұлжан сайлау бастығы», 1937 жылы «Жұмағұл жентей сөйлей» деген өлеңдері еңбекшілер мен колхоз құрылысшыларының еңбегін паш етті.

Майдандастарға арналған «Жеңіс біздікі», «Ұлдарыңа көмектес», «Түйір дән – жауға оқ», «Аттанған ерлерге», «Бір дән жерде қалмасын» атты өлеңдері еңбекшілердің жүрегіне рухани қайрат беріп, халықты жігерлендіретін түсті.

Ақынның «Жер, су, адам», «Өркімнің



үміті бар жалғыз хактан», «Адам жоқ тұратұғын бір қалыпта», «Қызылорда қаласының 150 жылдығына», «Сүйемін сені, сұлу Сыр», «Қасқа төбел» атты өлеңдері тарихи-философиялық ойлары бар туындылар.

Б.Өтепұлы айтысгерлік өнерімен де кеңінен танымал болып, бірнеше ақынмен айтысқан. Байназар Өтепұлы 1984 жылы 81 жасында дүниеден өткен.

Қазіргі таңда ақынның пайдаланған қоржыны музей қорында сақтаулы. Қазак халқының тұрмысында пайдаланылған бұл бұйым бертіне дейін қолданылып келді. «Әлі есімде, бала күнімде анам осы қоржынның екі жағына екі қарыға құйылған қымозды теңдеп салып, көрші ауылдағы ағайындарға жіберетін еді» – деп, есіне алды Байназар Өтепұлтың баласы Кеменгер Байназарұлы.

Бұл ирліген жұннен тоқылған қоржынды 1989 жылы музейдің сол кездегі қызметкерлері Ажар Сариева мен Төлеш Сабырбай Қожабақы

ауылына барып, Байназар Өтепұлтың жары Шора Сүйеуқызы Өтеповадан музейге сыйға алған.

2014 жылы Гани Мұратбаевтың мемориалдық музейі жаңадан ашылған аудандық тарихи-өлкетану музейіне өлкеге қатысты 4000-нан астам экспонат берген. Оның ішінде атадан қалған осы асыл бұйым да бар.

Жылқы малын көлік еткен қазақ үшін қоржын өте ыңғайлы бұйым болған. Оның екі жақ басын теңгеріп, ердің артына бектеріп немесе алдына өңгеріп ат үстінен ауып, түсіп қалмайтын аса қолайлы дүние. Мінген тұлғине орай қоржынның ат қоржын, түйе қоржын сияқты түрлері бар.

Алтынай ЖАДЫРАСЫНОВА,
Қазалы аудандық
Г.Мұратбаев
мемориалдық музейінің
ғылыми қызметкері.

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43 Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41 экономика – 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат – 70-00-73 жарнама – 70-00-49, 70-00-52 есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38, компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АК» – ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28687 Тапсырыс №1962

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Көкейші редактор Мейрамғұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.